КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 27 қаңтар №7119-24-00-2/15968 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Э.Е.Хасанова,
сот отырысының хатшысы А.Базарбаева,
ашық сот отырысында аудио-, бейнетіркеуді және ұялы байланыс техникалық құралдарын қолданып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Healthcare Technologies Central Asia (HeCaTeCA)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану
тауарды қабылдауға міндеттеу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Рашитова Б.
Талап қоюшының өкілі Сағынтай Т.
Жауапкер өкілдері Сейдахметова Н.К., Куралбеков А.С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 26 шілде "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - тапсырыс беруші) мен «Healthcare Technologies Central Asia (HeCaTeCA)» ЖШС (бұдан

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 03.02.2025
Дата вступления в законную силу: 04.03.2025, судья Хасанова Э. Е., 09.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

әрі - Өнім беруші) арасында тауарды - 1 600 дана (химиялық сорғы үшін, резең кеден жасалған) мемлекеттік сатып алу туралы №1792 шарт жасалды.

Шарттың жалпы сомасы 28 720 000 теңге.

Тауардың техникалық ерекшеліктерінде тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде деп белгіленген.

2024 жылғы 04 қыркүйекте шартқа қосымша келісіммен шарттың жалпы сомасы 18 668 000 теңгеге, тауар саны 1 040 данаға азайтылды.

2024 жылғы 04 қазан шартқа қосымша келісіммен шарттың жалпы сомасы 6 228 650 теңгеге, тауар саны 347 данаға азайтылды.

Тапсырыс беруші 2024 жылғы 15 қазанда №2317, 2318 өтінімдерді жолдады.

Алайда жауапкер 2024 жылғы 31 қазанға дейін тауарды жеткізбеген.

2024 жылғы 06 қарашада шарт біржақты бұзылды.

Талап қоюшы шарттарды орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 112 116 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкерден келіп түскен жазбаша пікірінде және қарсы талап қоюда, өнім беруші қажетті медициналық бұйымдардың дистрибьюторы «QAZMED.KZ» ЖШС көтерме бағамен өнім (500 бірліктен астам) сатып алуға ұсыныс жасағанын, кейін тапсырыс беруші бірнеше рет сатып алатын тауар санын азайту нәтижесінде ұлттық валюта бағамының әлсіреуі салдарынан және дистрибьютордан ең аз тапсырыс саны 500 өнім бірлігін құрайтындықтан тауарды жеткізе алмады деп көрсетті.

Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдындағы шарттық міндеттемелерді орындау мақсатында өнімді сатып алудың баламалы көзінен «TEZCARGO» ЖШС-не қажетті өнімдерге тапсырыс беріп, тауар 2024 жылғы 10 желтоқсанда қоймаға жеткізілгенін көрсетті.

Яғни, жеткізуші шарттық міндеттемелерді орындау үшін барлық шараларды жүргізді, соған қарамастан тапсырыс беруші шартты біржақты заңсыз бұзды деп көрсетіп талап қоюды қанағаттандырусыз, ал қарсы талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшы талап қоюды толығымен қуаттап, соттан қанағаттандыруды сұрады. Қарсы талап қоюмен келіспейтінін білдіріп, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер қарсы талап қою көрсетілген мән-жайларға сілтеме жасап, өзінің талаптарын толық қолдап, қанағаттандыруды сұрайтынын, ал талап қоюды мойындамай, тұрақсыздық айыбы толық төленгенін көрсетіп, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қоюды ішінара қанағаттандырып, ал қарсы талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Талап қоюшының өкілін тыңдап, азаматтық істің материалдарын зерттеп, сот келесі тұжырымға келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 03.02.2025

Дата вступления в законную силу: 04.03.2025, судья Хасанова Э. Е., 09.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабы 4-бөлігінің 3-4 тармақшаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 3.1-тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сот отырысында анықталғандай, шартта көрсетілген мерзімде, тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жауапкер тауарды жеткізбеген.

Осыған байланысты тараптар арасында 2024 жылғы 06 қарашада аталған шарт біржақты бұзылған.

Жауапкер қарсы талап қоюда көрсетілген уәждерінде, қоймаға жеткізілетін тауар техникалық сипаттаманың талаптарына толық сәйкес келетінін көрсетті.

Алайда электрондық азаматтық іске тіркелген дәлелдемелерге сай, жауапкер тапсырыс берушіге тауарды жеткізбегенін, көрсетілген мерзімде жеткізуге міндеттеме алып оны орындмағаны анықталды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 152-бап 1-1-тармағына сай мәміленің жазбаша нысаны қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жасалады.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар N370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының 7-баының 1 және 2-тармақтарына сай осы Заңның талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей. Электрондық құжат оны телекоммуникациялар желісі арқылы берген кезден бастап жіберілген болып есептеледі.

Бұдан өнім беруші шарттың қосымшаларына өз еркімен қол қойып, тауардың санын азайтуға келіскендіктен, сот жауапкердің тапсырыс берушінің шарт талаптарын (тауар санын азайту) бұзды деген тұжырыммен келіспеді.

Жауапкердің бұл кінәлі әрекеті, онда шарттың орындалмағаны тапсырыс берушіге жағымсыз салдар туғызып отыр.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

Одан бөлек, сот істі қарау кезеңінде жауапкер тұрақсыздық айыбын өз еркімен төленгені жөнінде төлем тапсырмаларын жалғады, сол себепті

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 03.02.2025
Дата вступления в законную силу: 04.03.2025, судья Хасанова Э. Е., 09.03.2025
7119-24-3-1/15522

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюшының талаптары қанағаттандырусыз қалдырылады.

Бастапқы талапты қанағаттандыруына байланысты жауапкердің қарсы талап қоюы толық сот отырысында өз дәлелін таппады және оны қанағаттандыруға еш негіз жоқ.

Сонымен, сот «Healthcare Technologies Central Asia (HeCaTeCA)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қарсы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартуға жатады деген қорытындыға келеді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Healthcare Technologies Central Asia (HeCaTeCA)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою ішінара қанағаттандырылсын.

«Healthcare Technologies Central Asia (HeCaTeCA)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Healthcare Technologies Central Asia (HeCaTeCA)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Healthcare Technologies Central Asia (HeCaTeCA)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қарсы талап қоюшы «Healthcare Technologies Central Asia (HeCaTeCA)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына біржақты шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы және тауарларды қабылдауды міндеттеу қарсы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 03.02.2025

Дата вступления в законную силу: 04.03.2025, судья Хасанова Э. Е., 09.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Э.Е. Хасанова

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 03.02.2025

Дата вступления в законную силу: 04.03.2025, судья Хасанова Э. Е., 09.03.2025

7119-24-3-1/15522